Н.С. СМИРНОВА

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ (1846-1945)

Жамбыл – қазақтың суырып салып айтқыш ақындық өнерінің аса көрнекті өкілі. Оның әсем жыр әуені мен шалқыған домбыра сазынан қазақ халқының жарқын үні ерекше естіледі. «Жамбылдың», «Алатаудың ақсақалы» деп сөйлейді Жамбыл қалың тыңдаушы жұртшылығына. Оның өлеңдерінде өз тағдыры мен ел тағдыры ұштаса кліп, жыр мазмұнының сомдалған бір тұтастық негізі қалыптасады. Жамбыл үнемі халық ортасында болды. Халық жайын, ел күйін жырлады. Ол туған халқының ойы мен сезімін зор шабытпен асқақтата жырлап, қазақтың ақындық өнерінің үлгісіне, көркем сөз кестесіне шебер түсіре білді.

Соңғы кезде сондай талант иесі Жамбылды жеке адамға табынуға байланысты сынға алушылар да болды. Кейінгі шыққан әдебиет тану еңбектерінде Жамбылға лайықты орын беріліп, оның творчествосы әділетті бағаланды[1]. Жамбыл көптеген шығармаларында коммунистік партияны, Ленинді, социалистік құрылысты, халықтар достығын мадақтады. Ұлы Отан соғысы кезінде туған өзінің асқан патриоттық өлеңдерінде ол фашизмге қарсы кескілескен жанқиярлық айқасқа шыққан Совет Армиясының жауынгерлерін жеңіске шақырды. Жамбыл творчествосы сан сырлы және әр қырлы, ол біздің елімізде, қала берді одан тыс жерлерде де қазіргі қазақ поэзиясының лайықты белді өкілі ретінде бекер танылған жоқ... Жамбылдың Сталинді жырлағаны рас, бірақ ол Сталинді біздің ұлы Отанымыздың, біздің партиямыздың жарқын бейнесі деп түсініп, шексіз берілгендік сезіммен, шын пейілмен жырына қосты. Бұл жөнінде тек Жамбыл ғана «күнәкәр» емес... Советтік мәдениетіміздің тарихында Жамбылдың өз орны бар және ол орынды одан ешкім де тартып ала алмайды»[2].

***

Жамбыл 1846 жылы туған. Ақпанның үскірік боранында атасы Ыстыбайдың ауылы үдере көшіп келе жатқан шақты сәби дүниеге келіпті. Қоқан хандығынан қорыққан Ыстыбайдың ауылы әдеттегідей емес, қыстаудан ерте көшіп, Шудың бойына қарай бет алады. Ыстыбайдың немересі, Жабайдың үшінші перзенті, болашақ даңқты ақын көш-жөнекей Жамбыл тауының етегінде туғандықтан Жамбыл есімімен аталады.

Жамбылдың балалық шағы да, бар ғұмыры да Жетісу жерінде өтті. Осы өлкеде көшіп жүрген Ұлы жүздің қазақтары, оның ішінде Жамбылдың руы Шапыраштыдан тараған Екей де өткен ғасырдың қырқыншы-елуінші

[1] Очерки истории казахской советской литературы. – М., 1960 (гл. «Джамбул Джабаев», написанная Е. Исмаиловым); З. Кедрина. Из живого источника. – М., 1960 (гл. «Начало нового) и др.

[2] Н. Джандильдин. Дорогой первооткрывателей // Литературная газета, 1962, 13 марта.

жылдарында, яғни ақынның балалық және жігіттік кезінде, жаңа өмір арнасына түсті. Олар Россияға қосылды. Қоқан хандарының озбырлығы, қырғыз манаптарының шапқыншылығы тыйылды. Жетісуға орыстар көшіп келіп, станицалар мен поселкалар салып қоныстана бастады. Верный қаласының іргесі қаланып, жылдан-жылға қанатын жая түсті. Станицалардың төңірегі жайқалған егінге, көгерген жеміс ағаштарына толды. Ал, орыс әскерлері оңтүстікке қарай ойысты. Шымкент, Түркстан, Әулиеата, Ташкент қалаларын алды. Түркстан генерал-губернаторлығы құрылып (1864-1867 жылдар), Жетісу соған қарады.

Ұлы жүздің көшпелі аылдарының бейнесі өзгерді. Олар отырықшылана бастады. Егін егіп, бау-бақша отырғызды. Жалаңаш жапан дүзде, меңіреу-мылқау тау еиегінде енді ұста балғасының тықылдақ үні, құмырашы дүкеннің тынымсыз тықыры барған сайын жиі естіле түседі. Қол өнер кәсібі барынша дами бастады.

Ғасырлар бойына қалыптасып қалған тәртіпке енді жаңалық нышан береді. Киіз үйлер мен қыстаудағы жер кепелерде қисса-әңгімелерпайда болып, кешқұрым ауылдың хат танитын адамдары оны сауық құмар тыңдаушыларға оқып отырады. Жетісу қазақтарының қоғамдық және жеке тұрмысында, күнделікті тіршілігінде, психологиясында феодалдық-рулық қалыптың қаймағы бұзыла бастағаны аңғарылады. Қазақтар бұрынғыдай өзге халықтардан ала бөтен оқшаулануды қояды. Енді жаңа жағдайда, Жетісу Россияға қосылған кезде, қазақтардың, орыстардың, татарлардың, өзбектердің, ұйғырлардың өзара қарым-қатынасы күшейіп, олардың ортақ істері мен өз мүдделері туа бастайды...

Қырқыншы-алпысыншы жылдардағы Жетісу қазақтарының өнеріне дәуір әсері тимей қалған жоқ. Жетісудың сол кездегі ауыз әдебиетіне тән нәрсе фольклордың байырғы қорына жаңа тақырыптың араласуы болды. Бұл, әсіресе тұрмыс-салт жырларында айқын көрінді. Белгісіз авторлар шығарған өлеңдер кең өріс алды. Сондай-ақ ақындық творчествоның жемісі: толғау, арнау, айтыс түрінде келетін лирико-дидактикалық, философиялық және публицистикалық жанр да тез дамыды. Жамбылдың жасөспірім және жігіт шағында өлеңдерін тыңдаған, өзін ақындық жолға талпындырған осы жанрдың айтулы шеберлері Жетісуға, Қазақстанның оңтүстігі мен Қырғызстанның солтүстігіне аты белгілі болған Майкөт, Бақтыбай, Жаныс, Тілеміс, Сүйінбай, Құлмамбеттер еді. Жетісуға ол кезде Орта жүздің атақты ақындары Шөже мен Орынбай да, қырғыз ақыны Қатаған да мәлім болатын. Оларды халық ақындық сөздің зергері, «от ауызды, орақ тілді, жез таңдайлы» жүйріктер деп бағалайтын. Өйткені елге, Ұлы жүздің бірсыпырасына, әбден тізесі батқан Тезек төрені әшкерелеген айтыс пен арнау түрінде айтылған уытты өлең тез арада тарап кеткен еді. Сүйінбайдың сұлтан Тезекпен айтысын сол кезде екінің бірі жатқа айтып жүрген. Тезектің Дулаттарға қылған зорлық-зомбылығы жөніндегі Сүйінбайдың, тағы да сол Тезекті мінеген Бақтыбайдың арнау өлеңдері көпке әйгілі болып қалды...

Ақындардың үстем тап өкілдерін әшкерелейтін өткір өлеңдері халыққа қатты қажет-ақ еді. Жамбылдың ақындық өнерге әбден ден қойып жетіле бастаған кезінде, өткен ғасырдың қырқыншы-алпысыншы жылдарында мысқыл-сын, сатиралық шенеу-әшкерелеу Жетісу ақындарының репертуарында мол болғандығы байқалады.

Жамбылдың алғашқы ұстазы - атағы қазақ арасына кең жайылған Сүйінбай ақын. Ол да Жамбылмен рулас. Ежелгі дәстүр бойынша шәкірт ұстаздан бата алады. Көрнекті ақынның төңірегіне талапкер жастардың шоғырлануы, сөйтіп одан көп өнер үйренуі, өткенде өзінше бір «мектеп» сияқты болған. Жамбыл сол Сүйінбай «мектебінде» бір жылдан артық уақыт болғанда не үйренді? Қолына домбыра ұстап, өлең айтып, өз бетінше ауыл аралауға шыққанша шәкірт ұстаздан не алды? Міне, енді осы сауалдарға жауап берейік.

Жамбыл Сүйінбайдан ең алдымен суырып салып айтқыштық өнерді, шешендік пен тапқырлықты үйренді. Жетісудың және бүкіл Қазақстан ақындарының арасында өріс алған – лирикалық, дидактикалық, эпикалық жанрлардың үлгісін, солардың жиынтығы болып табылатын негізгі жанрлық түрлерді меңгерді. Айтыс, толғау, арнау, жыр өнерін де ол сол Сүйінбайдан үйренді. «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандары да Сүйінбай үлгісіне жатады. Жамбыл өлеңдерінің уытты болып келетін өткірлігі де сол ұстаз әсерінен.

Сүйінбай Жамбылды сол кезде көпке кең тараған дәстүр – өлеңді суырып салып, домбырамен айту өнеріне баулыды. Шәкіртін: «Өлеңді тыңдаушының көкейінен кетпестей етіп айт. Сенің өлеңдерің жеке адамдардың емес, бүкіл халқымыздың игілігіне айналатын болсын. Көмеймен емес, жүрекпен жырла. Әрқашан әділ сөйлеп, адал бол. Жаттанды өлеңге үйір болма. Төңірегіңді түгел қамтып, бәрінің де жан сырын ұға біл»[3], - деп үйретті.

Жамбылдың, сонымен қатар өткен ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде жырлаған басқа да жетісулық жас ақындар Бармақ, Оспантай, Мақыш, Қожантай творчествосының негізгі өзегі халықтың көкейтесті мүддесі, өмір шындығы болды. Сондықтан олардың репертуарынан дәстүрлі эпос пен салт жырлары, лирика мен күйлерден басқа көптеген айтыстар, әділетсіздікті әшкерелеген сын-сықақ өлеңдер де орын алып отырды.

Тағы бір ерекшелігі жетісулық ақындар қырғыз, өзбек фольклорымен де таныс болды, араб, парсы және Орта Азия ауыз әдебиетінің үлгілерін өзбекше нұсқалары арқылы білді. Мысалы, Жамбыл «Манстың» Найманбай жырлаған үзінділерін, «Шаһнамадан» «Рүстемнің хикаясын», «Көрұғлыны», «Жүсіп-Зылиханы» ел арасында айтып жүрді. Ол қазақтың көптеген аңыздары мен нақыл сөздерін жадында жақсы сақтады. Алпамыс, Қобыланды туралы дастанды, Сүйінбай мен Тезектің, Сүйінбай мен Қатағанның, Майкөт пен Құлмамбеттің, Біржан мен Сараның айтыстарын жатқа білді.

[3] Қазақ ССР Ғылым академиясының кітапханасының қолжазба қоры (С. Бегалин. Жамбылдың өмірбаянына қосымша материалдар).

Жамбыл репертуары сөйтіп үздіксіз молыға берді. Әрбір шыққан жаңа сапар, соны ақынмен кездесу, оны күнен күнге кемелдендіре түсты. XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында Жамбыл Орта жүздің елге белгілі ақыны Шөжемен кездесіп, Қырғызстанға барған сапарында өзге жас ақындармен бірге оның қасында еріп жүрді. Түркстан өлкесінің көрнекті ақындары Майкөт пен Майлықожадан да дастандар мен жыр үйренеді.

Жамбыл кейінгі дәуірде өзі туралы: «Соңынан өз үнімді, өз әуенімді таптым, ақындық шеберлігім арта түсті»[4] - деп әбден орынды айтқан.

Жамбыл Жетісудың барлық руларын – Жалайырды, Дулатты, Албанды, Сыбанды аралап шықты. Балхаш жағасында, Қарағандыда, Шығыс Қазақстанда болды. Қырғызстанға да бірнеше рет сапар шегіп барды. Ақын әр ауылға кідііп, қисса, жыр айтты, той мен аста салт өлеңдерін шырқады, болыс сайлауына арнап жыр шығарды, айтыстарға да қатысты. Сондықтан да оның репертуары бай болды. Ол қазақтың ауызекі айтылатын өлең жанрының барлық түрін де жете және кең меңгерді. Жамбыл дәстүрлі жырлардың жаңа вариантарын да жасады. Мысалы, жас кезінде ұстазы Сүйінбайдан үйренген «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандарын жаңартып жырлады.

Көбінесе Жамбыл жол-жөнекей өзі болған, қонып, түстенген бай ауылдардың шонжар мықтыларын әшкере етіп өлең, жырына қосты. Жамбылдың «Мәнке туралы», «Кәмшат қыз», «Мәмбетке», «Шалтабайға», «Қалиға», «Кәкімге», «Есенәлі мешкейге» деген өлеңдері осы уақытқа дейін халық аузында сақталып келеді. Ақын байлар мен болыстарды, ауыл старшиндерін сараңдығы үшін бір мінеп, өткір сынға алса, олардың көпшілік мүддесімен санаспайтындығын айтып тағы да шенейді.

Жамбылға дейін де сықақшыл, шенегіш ақындар болған. Сүйінбай Тезек төрені көзінше әлденеше рет әшкерелеген[5]. Шөже ақын өзінің өткір өлеңдерінде жемқор Дәукені айрықша айыптаған[6]. Демек, Жамбылдан бұрынғылар да бай, сұлтандардың сараңдығын, қулығын, зорлық-зомбылығын, оған қоса барымтаны батыра сынаған. Қысқа, өткір өлеңді табанда тауып өз орнымен лайықты айтып отырған. Жамбыл олардан осы әдісті әбден жете үйренген. Ол бай-болыстар мен старшиндердің, судагер-сатқыштардың бейнелерін көрсеткісі келгенде, кекесін, мысқылды аямай араластырып, тіл найзасын оларға керемет қадаған.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде ел өміріне елеулі өзгерістер ене бастайды. Қазақ даласына қанатын жая бастаған капитализм ескінің патриархальдық қалдығын ығыстыра түседі. Феодалдар мен ру ақсақалдары пысық чиновниктерге айналады. Бұқара тынысы күннен-күнге тарыла береді. Бұған халық наразылығы күшейеді. Ақындық өнері марқайып, заман ағымын түсінген Жамбыл ендігі шенеу өлеңін жағдайға байланысты жаңарта қолданады.

[4] Журнал «30 дней», 1938, №5, стр. 14.

[5] Сүйінбай ақын. – Алматы, 1935, 135-136-беттер.

[6] Е. Ысмайлов. Ақындар. – Алматы, 1956, 105-бет.

Жамбыл бірде Сәт Ниязбековтің болыстыққа қайта сайланғалы жатқанын естиді. Халық оның парақор екенін, басқа да жексұрын қылықтарын жете білетін еді. Қарғалы болысының үлкен жиынында Жамбыл сол Сәтті сайлауға арналған жиында болысты әшкерелеп өлең айтады. Ақын өлеңінде Сәттің образын сайлауды сыпаттау арқылы береді. Жамбыл жең ұшынан жалғасқан парақорлықты, жікшілдікті, ақшаға сатылған абырой мен мансапты келістіре суреттейді. Сол сәтте күйзелген бұқараның ішінде масайрап, менменсінген Сәт ерекше көзге түседі. «Сырты бүтін, іші түтін» жыртқыш бейнесі ашылады. Жамбыл оны «Лашын құстай таранып» деп алады да, оған мынадай қорытынды жасайды:

Сыртың сұлу көрінген,
Неңді медеу саналық,
Жел еседі жеріңнен.
Қайымады түйелер,
Қысырады биелер,
Қыста қырсыз жұт болдың,
Елге жүгіңді үйе бер[7].

Қашан да халық мүддесін сатушы билеп-төстеушілер Жамбыл сатирасының көрнекті нысанасы. Ақын сол кездегі үстем таптың белгілі өкілдерін өз туындыларында әдемі әшкерелейді. Оған қарапайым халықты әдейі қарсы қойып суреттейді. Мәселеңғ Қалиға арнап айтқан өлеңінде Жамбыл:

Ей, Ордабайұлы Қалиым,
Үстіңде тұр ақ үйің,
Қасыңда тұр қара үйің...
Атағыңды білемін,
Сыртыңнан-ақ танимын[8] , -

деп келісті кескіндейді.

Қара үй болса, ол – кембағал-кемтарлардың баспанасы. Оның киізі жаңбыр мен жел өтінде көп жыл тұрғандықтан әбден қарайып, өңі жетіп тозған. Кедейлер Қали сияқты байлардың ауылына қоңсы қонып, солардың аузына қарап қызмет істейді. Олардың адуын бай, алпауыттармен салыстырғанда еркі бірдей емес. Сондықтан да «сойылыңды соғып тұр, ұлығың мен болысың» деп осыөлеңде Жамбылдың түйін жасауы көңілге қона кетеді.

Жамбыл өлеңдерінен оның өзінің де, қалың елдің де мұңайған, тарыққан сарынын естімейміз. Ақынның өткір өлеңдері оптимистік ойға құрылады. Жамбыл шонжар-бектерге ешбір қызмет еткісі, не болмаса өлеңін сатқысы

[7] Ж. Жабаев. Үш томдық шығармалар жинағы, I том. – Алматы, 1955, 30-бет.
[8] Сонда, 36-бет.

келмейді. Оның алға тартар ұнамды идеалы – халық қамын жеген қаһарман, азаттық жолында күресіп, өзі үшін де, кембағал-кемтарлар үшін де жақсылық істейтін ер азамат.

Жамбыл өзінің суырып салып айтқыш ақындық дарынын айтыста танытып, сонда шыңдалды. Ол 1881 жылы бұрын ешкім жеңіп көрмеген Құлмамбетті жеңіп, бүкіл Жетісуға даңқы жайылды. Құлмамбет те, Сарыбас та т.б. айтыстың айтулы шеберлері еді. Олар бай руларға арқа сүйейтін. Мысалы, Жамбылмен айтысқан Досмағамбет молдасымақ ауыл ақсақалы болып жүрген. Ал Жамбыл болса кедей ру Шапыраштының жалбыр тонды ақыны. Жамбыл мұндай елге беделді адамды айтыс дәстүрін еркін пайдаланғандығының арқасында жеңіп шығады.

Ақындар айтысы алғашында ру беделін көтермелеуші жанр ретінде қалыптасты. Айтысқа түскен ақын өз руын мадақтап, оның батыры мен байын, жері мен елін, малы мен жанын дәріптейді де, ал, әрәптесін айтқанда оны руымен қоса сыбап жамандайды, әбден кемсітеді. Ақындық бәсеке бара-бара өршелене түскен қызу жағдайда өтеді. Тыңдаушы жұртшылық та екі жаққа бөлініп алып, әрқайсысы өз ақынының жеңуін тілеумен болады. Айтысқа түсушілердің әрбір сөзін жібермей, мұқият тыңдап, олардың өзара қайтарған тапқыр жауаптарына сүйсініп отырады. Ал ақындар болса бір-біріне ойлануға мұрша бермей, бастырмалата, сөзді түйдектеп, төпеп айтады. Өзін де, өз жағының адамдарын да көтере мақтап, қарсы жақты қаралап бағады. Ақындардың біреуі жауап таппай жаңылып, не болмаса байырғы сөзін қайталақтап жаңа, тың, соны сөз аузына түспей қалғанша айтыс аяқталмайды. Ақындық жарыс кейде екі жақтың күшті ерегісіне, екі рудың ара жанжалына дейін апарып соқтырады. Ру айтысын айтқанда еріксіз осы жайлар еске түседі.

Бұл дәстүрді ертеде Жамбыл да қолданған. Ол Сүйінбай мен Қатағанның, Майлықожаның айтыстарынан көп үйренген. Алайда жалғыз өз руын дәріптеу, өзін мақтау, ерегісу Жамбылға жеткіліксіз болды, олқылық етті. Ол дәстүрлі айтыстың мұндай тар шеңберін кеңейте түсіп, оған жаңа әлеуметтік мән-мазмұн берді. Сондықтан да ол:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт[9] , -

деп талап етті Құлмамбеттен.

Дәстүрлі айтыстың сол игі жағын, яғни азаттық жолында күреске шығып, атағын әйгі еткен батырлар ерлігін дәріптеуді Жамбыл да ұстанған. Шапыраштының руының атақты батырларын Сүйімбайдың Қатағанмен айтысында дәріптегені тәрізді етіп, ол да мадақтайды[10]. Мұнда ақынның патриархалдық ескі ұғымнан арыла қоймағандығы байқалады. Алайда Жамбыл ең алдымен халықты бірінші орынға қояды, оның тағдырын ойлайды, ауыл кедейінің тәуір тұрмысын арман етеді және оған берік сенеді:

[9] Сонда, 77-бет.
[10] Сонда, 78-бет.

Жердің шөлін сел жуар,
Елдің кегін ер жуар.
Дауыл тұрса, бұлт қуар,
Жердегі жауды жұрт қуар[11]...

Жамбыл Құлмамбет, Сарбас, Досмағамбет, Шашубай мадақтаған байлыққа, феодалдық ақсақалдыққа өмірдің шындық көрінісін, бет бейнесін қарама-қарсы қояды.

Шенеу өлеңдеріндегі сияқты айтыста да Жамбыл өз кейіпкерлерінің образын дәл тауып, оны айқын мінезбен жасайды. Тыңдаушы қауым ақынның кім туралы айтып отырғаны жайында бірден біле қояды.

Айтыс өнері – сөз жарыстыру түрінде келетін публицистикалық жанр. Сондықтан мұндағы кейіпкер бейнесі бір жақты беріледі, өйткені мақтау да, даттау да қарсы жақты әдейі жеңу мақсатымен айтылады. Мысалы, Жамбыл Досмағамбетпен айтысында (1910) бар жамандықты оның басына үйіп-төге салады. Жалайыр руының атынан білек сыбанып айтысқа түскен Досмағамбетті байдың итаршысы, қолшоқпары ретінде суреттейді де, Жамбыл молла ақынның өз туыстарын бастан-аяқ әдейі атап шығады, олардың жексұрын қылықтарын қызартып бетіне басады. Досмағамбеттің ағайыны Қожан болыс Меккеде болған, бірақ шарап ішеді, пара алады, барып тұрған жатып ішер жалқау. Жалайырдың басқа бір байы Қалдай – дүниеқоңыз, шариғатты бұзушы. Есенгелді би мен Маман бай да оңып тұрған ештеңесі жоқ. Жамбыл олардың әрқайсысының өнбойынан жемқорлық, мансапқорлық, көп әйел алушылық тәрізді батпандай-батпандай міндерді табады. Соларды дәріптеп жырлап, айтып беруші Досмағамбет. Ал сол Досмағамбетті суреттеу арқылы Жамбыл бай-феодал ақынның келісті образын жасайды.

Айтыстың үлкен мектебінен өткен Жамбыл жанрдың әр түрлі ерекшеліктерін пайдалана отырып, феодалдық дәуірдегі үстем тап өкілдерінің образын жасағанда, қалың қауымның ой-пікірін, сезім-күйін еркін білдіріп отырады.

Революцияға дейінгі Жамбыл творчествосының күші – оның шын мәніндегі халықтығында. Өзінің кедей руы Шапыраштының атынан сөйлеп отырып, ақын ең алдымен бұқараның қолдауына сүйенеді. Сондықтан ол айтыс, арнау, толғау өлеңдерінде демократиялық идеяны ұстана білді. Дәстүрлі поэзиядан ол халықтың өткір сөзін, бейнелі көріністерін алып, оны орынды дамыта түсті. Осының нәтижесінде ол халық мүддесін мүдіріссіз айтып беретін халге жетті.

Жамбыл өмір шындығының жалынды жаршысы болды. Бұл оның өз замандастарының нағыз тұлғасын жасауына, жаңа тақырыпты көтеріп, оны игеруіне, халқын жаңа жолға сілтеуіне мүмкіндік берді.

Құлмамбеттің жатып ішер бай атаулыны мадақтағандығын әжуаға алып, келекелей отырып, Жамбыл байлыққа жасампаз еңбекті, бай ақынының

[11] Сонда, 129-бет.

мақтаншақ өркөкіректігіне қарапайым қазақтың басқа ұлт еңбеккерлеріне ықыласы түскен сүйіспеншілігін қарама-қарсы қойып суреттейді.

Алматының шәһәріне
Көк күмбез үйді салдырған.
...Жігіттер бар жетілген,
Орыс, қазақ ұжым боп,
Тізе қосып бекінген.
Бұларды айтсам мақтанып,
Жерім бар ма шалдырған[12].

Сөйтіп, патриархалдық-феодалдық дәстүрді, ана сүтімен сүйекке сіңісіп кеткен әдет-дағдыны бастан кешіре жүріп, Жамбыл отыздан асқан шағында қазақтың халық поэзиясының демократиялық бағыттағы аса ірі өкілдерінің бірі ретінде қалыптасады. «Көптеген ру басылары мені өздерінің бірі ретінде қалыптасады. «Көптеген ру басылары мені өздерінің қасында қалуға үгіттеді, жақсылап күтеміз, сыйлаймыз, құрметтейміз, ақыңды жемейміз, тек бізді келісті мақтасаң болғаны, - деді олар. Бірақ мен екі жүзділік жасап, халықтан қол үзгім келмеді, байларға көнбедім. Олардан үзілді-кесілді бас тарттым да, ел аралап кете бардым»[13], - дейді Жамбыл басынан өткен күнін кейіннен еске түсіріп.

Патриархалдық-феодалдық шектелу мен томаға-тұйықтықтан шығып, демократиялық бағытқа бой ұрған Жамбыл революция қарсаңындағы Россияның шалғай жатқан халықтарының ақын, жырауларын еске түсіреді. Олардың бәрін де үндес, сарындас етіп отырған халық қамы, бай-манаптардың озбырлығынан зардап шеккен бұқараның мүшкіл халі. Олаардың бәрі де езілген еңбекшінің тұрыс ахуалы түзеледі деп үміттенді, жәбір-жапа шегушілердің мүддесін қорғап, қанаушыларды әшкерелейді. Сол ақын, жыраулардың творчествосында еңбек тақырыбы (қуанышты еңбектен гөрі азапты бейнет) халықтың теңсіздігі мен езгідегі өмірі, үстем тапқа қарсы наразылығы, ыза-кегі көбірек жырланды. Демек олар қарапайым адамдардың қаһармандық образын, бай-манаптардың, шонжарлардың сатиралық бейнесін жасады. Россияның қиыр шетіндегі елдердің мешеулігі, патриархалдық томаға-тұйықтықтан шыға алмағандығы, олардың жергілікті ерекшеліктеріне қарамастан, бәрінің де шаруашылық, тұрмыстық дәрежесін теңестірді. Бұл жағдай сөзсіз сол халықтардың мәдениетіне де әсер етті. Тарихи-тұрмыстық, мәдени-ұлттық дәстүрге сүйенген ел ақындары да жалпы халықтық қозғалысқа өз үндерін қосты. Сондықтан тұрмыс ахуалі, тілі, тағдыры ұқсас көрші екі халықтың өкілі – қазақ Жамбыл Жабаев пен қырғыз Тоқтағұл Сатылғановтың творчествосы ғана ұқсас емес, Жамбылдан әлде қайда алыс тұратын, кейін келе Стальский деп аталып кеткен лезгин Сүлейман Часанбековтің революциядан бұрынғы творчествосында көптеген ұқсастық

[12] Сонда, 82-бет.
[13] Журнал «30 дней», 1938, № 5, стр. 15.

бар. Олардың бәрі де батырлық эпосқа, азаматтық лирикаға, шабытты толғауғаа бейім (Жолма-жол аудармалары):

Мейлі, Сүлейман жырлайды:
«Оян, еңбекші ел ұйқыдан!
Шақырып тұр бізді қаһарлы кезең –
Шақырып тұр жауынгер болуға!»[14]
(«Саудагер-шонжарлар», 1909-1912).

«Міне, бай-манап, ишандар!
Соттаңдар бұл тобырды,
Халықты солар езуші!»[15]
(Шонжарларға арнау, 1898)

О, ардақты туған ел,
Өшпендігің өршіді,
Күн жанып, күйді,
Ыза-кегің қайнады![16]

Олардың бәрі де қазының, шонжардың, молданың, жергілікті байлардың жексұрын кейіп-кескінін жасап, тіл найзасымен түйрейді. Сүлейманда «Молданың сөзі», «Молдалар», «Саудагер-шонжарлар», «Қазылар»; Тоқтағұлда «Ешан-қалпе», «Бесс қабан», «Шонжарларға арнау», «Рапы қалпе»; Жамбылда «Мәңке туралы», «Мәмбетке», «Кәдірбайдың төбеті» деген өлеңдер бар.

Халық ақындарының да сатирасы маңызды міндет атқарды.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Екінші кітап.
Совет дәуірі / Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты М.Қ. Қаратаев. –
Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы
Алматы – 1964. - 388-423-беттер.
http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1112444&lang=kk

[14] Сүлейман Стальский. Избранное. – Л., 1952, стр. 76.
[15] Токтагул. Избранные произведения. – Алма-Ата, 1958, стр. 272.
[16] Дж. Джабаев. Избранные произведения. – Алма-Ата, 1958, стр. 66.